ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 05 желтоқсан №3115-23-00-2/2665 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Жамбыл мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ALLLINE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272, 293 баптарын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Жамбыл мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ALLLINE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ALLLINE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ALLLINE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 13 350 (он үш мың үш жүз елу) теңге айыппұл және 2 126 (екі мың жүз жиырма алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 05 желтоқсан 2023 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 05.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.01.2024, судья Сарсенбиева Б. С., 18.01.2024

3115-23-3-1/3065